

ҒТАХР 21.21.31.

ХАЛЫҚ МЕДИЦИНАСЫНДАҒЫ ДІНИ НАНЫМ-СЕНІМДЕРГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН ЕМДЕУ ТҮРЛЕРІ

Сармурзина Нагима Нажмеденовна¹, Калшабаев Айдос Женисбаевич²

¹тарих ғылымдарының кандидаты Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің қауымдастырылған профессорының қ.а.

²Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің магистранты. Атырау қаласы, Қазақстан

Түйіндеме. Ғасырлар бойы жинақталған мол тәжірибелерімен, бойында қалыптасқан барлық бағалы қасиеттерін ұрпақтан-ұрпаққа шашау шығармай аманаттап қалдырып отыру қазақ халқының бойындағы асыл қасиеттердің бірі. Ата-бабаларымыздың аманатын арқалаған ұрпақ аманатқа қиянат жасамай, керісінше, оны одан әрі дамыта отырып, келесі ұрпаққа сол қалпында жеткізуге тырысқан. Осындай ұрпақтан ұрпаққа қалдырылған асыл мұраның бірі «халық медицинасы» деп айтуға болады.

Мақалада зерттеушілер қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің бір саласы халықтық медицинаның қолдалыну жолдарының ерекшелігіне көңіл аударған. Авторлар мақалада тылсым мен сикырға негізделген емдеу әдістеріне түсініктеме бере отырып, олардың халық арасында алатын орнына да жан-жақты сараптама жасаған. Мақаланы жазу барысында авторлар халық медицинасы жөніндегі зерттеулер мен тың деректерге көңіл аударды. Сонымен қатар қазақтың халықтық медицинасындағы осы кезге дейін сақталып келген діни наным сенімдерге негізделген емдеу шараларын ашып көрсеткен.

Зерттеу жұмысының метадологиялық негізі жалпы ғылыми тарихи принципке, объективтілікке, жүйелілікке, салыстырмалы талдауға негізделді.

Кілт сөздер: дәстүрлі мәдениет, халық медицинасы, магия, сенім, халық емшісі, бақсы, балгер, оташы.

МРНТИ 21.21.31.

ВИДЫ ЛЕЧЕНИЯ НАРОДНОЙ МЕДИЦИНЫ, ОСНОВАННЫЕ НА РЕЛИГИОЗНЫЕ УБЕЖДЕНИЯ

Сармурзина Нагима Нажмеденовна¹, Калшабаев Айдос Женисбаевич²

¹кандидат исторических наук, и.о. ассоциированного профессора Атырауского государственного университета имени Х. Досмухамедова, г. Атырау, Казахстан. E-mail: nagima0107@mail.ru

²Магистрант Атырауского государственного университета имени Х. Досмухамедова г. Атырау, Казахстан

Аннотация. На протяжении веков из поколения в поколение передается опыт сохранения всех благородных качеств казахского народа. Потомки сохраняя духовное благосостояние наших предков, стремились передать его следующему поколению. Одним из благородных наследий, передаваемых из поколения в поколение, является «народная медицина».

В статье исследователи обратили внимание на специфику использования народной медицины в одном из направлений традиционной культуры казахского народа. Авторы прокомментировали методы лечения, основанные на мистике и магии, а также на их значение среди населения. Авторы обращают свое внимание на новые исследования и на новые источники о народной медицине. Таким образом выявили забытые методы в целительстве, основанные на религиозных верованиях, превративших в традиционно-религиозное виды лечения в казахской народной медицине.

Методологическая основа исследования основана на общенаучном историческом принципе, объективности, последовательности, сравнительном анализе.

Ключевые слова: традиционная культура, народная медицина, магия, вера, народный целитель, бақсы, знахарь, хирург.

TYPES OF HEALING BASED ON RELIGIOUS BELIEFS IN TRADITIONAL MEDICINE

Sarmurzina Nagima Nazhmedenovna¹, Kalshabaev Aidos Zhenisbaevich²

¹Candidate of historical sciences, acting as associate professor at Kh. Dosmukhamedov Atyrau State University, Atyrau, Kazakhstan, E-mail: nagima0107@mail.ru

²Master student at Kh. Dosmukhamedov Atyrau State University, Atyrau, Kazakhstan

Abstract. At the end of the day, there is all the glory of the colors, the translation from the colors of the colors, the only one of the colors of the Kazakh language. The descendants of our ancestors did not abuse the welfare of their ancestors, but instead sought to pass it on to the next generation. One of the noble legacies passed down from generation to generation can be called «folk medicine».

In the article, researchers highlighted the specifics of using traditional medicine in one of the areas of traditional culture of the Kazakh people. The authors commented on the treatment methods, as well as their role among the population. At the time of writing, the authors devoted their time to the study of researches and new sources in traditional medicine. At the same time, the religious beliefs of Kazakh's traditional medicine revealed healing measures based on beliefs.

The methodological framework of the study is based on a general scientific historical principle, objectivity, consistency, comparative analysis.

Key words: traditional culture, medicine of the magic, magic, beliefs, the traditional healer, the surgeon.

Кіріспе. Қазақтың ертеден келе жатқан халықтық медицинасындағы емдеу шараларында діни наным-сенімдерге арқа сүйеу, оған сену әлі күнге дейін халық арасында кеңінен болмаса да кездесіп тұратындығы белгілі. Халық медицинасын атадан балаға ауызша немесе жазбаша түрде беріліп келе жатқан, денсаулықты рухани және қоғамдық тұрғыда бір қалыпты сақтауға мүдделі, аурулардың аты-жөнін табуға, оның алдын алуға және жоюға бағытталған, түсінікті және түсініксіз білім мен нақтылы іс-әрекеттердің жиынтығы ретінде дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы таныса, ал ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фараби медицинаны - адам ағзасының қалыпты жағдайы жөніндегі, оның саулығын сақтау, арттыру, сырқатын кеміту, жою жөніндегі ғылым деп бағалаған.

Бүгінгі ғылыми медицина жетістіктері ғасырлар бойғы емдеу ісінің зиянды жақтарынан арыла отырып қол жеткізген эмперикалық және магиялық медицина негіздеріне сүйенген халық медицинасының жиынтығы. Халық медицинасының тәжірибесі жан-жақты дамып, ауруларды емдеудегі тәжірибелері ұштаса келіп жүйеленген бүгінгі ғылыми медицинаның пайда болуына алып келді. Бұл жерде халық медицинасының өкілдері - *шипашер, балгер, емші, бақсы, емкөс, жсауырыншы, жарғышы, болжағыш, қара емші, құмалақшы, қаншы, құшинаш, тамыршы, ішірткіш, сынықшы, оташы, арбаушы* және *дарымшылардың* алатын орны ерекше. Жалпылама халық емшілері деген атауға ие болған олардың негізгі емдеу объектісі де, әдіс-тәсілдері де әрқилы. Дегенмен барлығының алдындағы мақсат мүддесі бір, ол – алдына келген ауруды сауықтыру, оның дертіне шипа тауып, аяғынан тұрғызу. Бұл қай замандағы болмасын халық емшілерінің алдында тұрған міндеті еді. Сан ғасырлар бойына жалғасқан халық медицинасының бүгінгі күнмен сабақтастығын және оның ұлттың рухани-мәдени құндылығы ретінде қалыптасуын және этномәдени мұра ретінде жаңғыруын, насихатталуын қолға алу тарихшы-этнографтардың міндеті. Қазақ халқы ертеден аурулардың алдын алуда, олардың шығу себептерін анықтауда және емдеп жазуда наным-сенімдер мен ырымдарды ұстануы, халық мұрасының бүтіндей бір салт –дәстүрлер кешенін сақтай білуі халық денінің, рухының саулығын сақтауда маңызды рөл атқарды. Міне, осы тұрғыдан алып қарағанда, қазақ халық медицинасын салт-дәстүрлер кешенімен бірге сабақтастыра жан-жақты қарастыру, оны ғылыми айналымға енгізудің өзектілігі туындайды.

Қазақ жері ежелден-ақ халық медицинасын қолданғанын бүгінгі күнге дейін жеткен

заттай және рухани деректер көрсетіп отыр. Халық медицинасы адам танымының ең алғашқы салаларының бірі. Қазіргі уақытқа дейін оның ең алғаш қашан пайда болғандығын анықтау мүмкін болмай отыр.

Бастауын сонау көне замандардан алатын халық медицинасының қазақ қоғамында алатын орны айрықша. Қазақ халқы ғасырлар бойы жиналған мол тәжірибелерімен, өн бойындағы барлық құнды қасиеттерін ұрпақтан - ұрпаққа аманаттап қалдырып отырған. Ата-баба аманатын арқалаған ұрпақ аманатқа қиянат жасамай, керісінше, оны бұрынғыданда жоғары деңгейде дамыта отырып, келесі ұрпаққа сол қалпында жеткізуге тырысқан. Осылайша ұрпақтан ұрпаққа қалдырылған асыл мұраның бірі халық медицинасы деп айтуға болады.

Жалпы, халық медицинасында магиялық және эмперикалық емдеу тәсілдері кездеседі. Мистика мен магияға яғни, тылсым мен сиқырға сүйенген емдеу жолдарын бірнеше түрге бөліп қарастыруға болады. Шығыс медицина ғылымының атасы Әбу Әли ибн Синаның жалпы медицина ғылымын саулықты сақтау, науқасты кеселден айықтыру үшін адам тәнін зерттейтін ғылым деп қарастыруының өзі бұған дәлел болады (Алдашев, Әлімханов 1992: 86).

Негізгі бөлім. Үшкіру. Күнделікті өмірде нақтылы көріп жүрген емдеудің бұл түрін көбінесе қарт діндар адамдар жасайды. Онда да болса, әрине емшілік, қасиеті бар, дінге жақын адамдар айналысады. Үшкіруді кейде «дем салу» деп те атайды. Бұл емді негізінен құран сөзін, аятты айту арқылы жүргізгендіктен ислам дініне негізделген деп бағалауға болады. Өйткені Үшкіруді немесе дем салуды көбінесе кешқұрым, науқастың әлі біткен шақта жүргізеді. Үшкіруші немесе дем салушы науқастың жанына отырып, оның жағдайын байқағаннан кейін белгілі бір аятты сыбырлап айтып аурудың бетіне «сүфф» деп үрлейді. Бұл тынысы тарылып, демі біте бастаған адамға дем береді. Халық емшілерінің түсінігі бойынша, құран сөзі қасиетті сөз, сондықтан, аятты оқып бетке үрлегенде бойға күш бітеді, еңсені басқан ауру мен уайым қайтады. Осылайша, үшкіру емі хал үстінде жатқан адамның көңіліне демеу болып, оның бойында үміт отын тұтатады. Сырқат адамның кеселінен айығып кетуі ықтимал деген сенімін күшейте түседі (Алдашев, Әлімханов, 1992: 89).

Магиялық емдеудің келесі бір түрі **ұшықтау**. Емнің бұл түрін әдетте халық емшілері, тәуіптер, ешкім болмағанда білетін қарт кісілер де қолданған. Әдетте, оны тамақтан ұшынған не басқа да нәрселерден жиіркенген адамдардың ұшынып, ыстығы көтеріліп, басы сырқырап ауырып жатқандарға қолданады. Оны кешке, күн бата бастағанда немесе таңертең, күн шыға бастағанда жүргізеді. Ұшықтаушы сырқат адамды онтүстікке қаратып отырғызады да, бір тостағанға су құйып, оның ішіне үш түйір бұрыш пен үш түйір қалампыр салады. Біраздан кейін бұрыш пен қалампырдың иісі шыға бастағанда емші судың дәмін татады да, ештеңеге көңіл бөлмей жайбарақат отырған науқастың бетіне кенеттен қатты бүркіп жібереді. «Кет бәлекет, кет, шық бәлекет, шық» дейді. Содан кейін, тостағанды науқасқа көрсетпей, шамалы одан алысырақ жерге төңкеріп тастайды, оған ертеңіне дейін ешкімді тигізбейді. Сырқат бетіне бұрыш пен қалампырдың иісі бар су бүркілген кезде, «селк» ете түседі де, оның денесі тітіркенеді. Осы тітіркену үстінде ол емшінің айтқан сөздерін естиді. Терісі түрпілене бастаған ол, расында бойынан ауру шыға бастағандай сезінеді. Осыдан кейін ауруды дереу төсекке жатқызып, оның үстін «тоғыз қабат» көрпемен жаптырып тастайды. (Әбдіраман, 2002:31).

Ұшықтаудың біздің Батыс өңірде сақталған бір әдісі күн батарда, күн ұясынан шығарда есіктің оң босағасына басын қойып екі жағына кезекпен кезек түкіріп «мен ұшынған жоқпын жер ұшынды» деп үш рет айтып ырымдаса ұшық кетеді деген сенім бар.

Емнің «ұшықтау» деп аталуы халық емшілерінің түсінігінше, «ұшық тию» деген ауру астың бетін ашық тастағандықтан, таза, адал етіп ішпеуден шығады. Дұрыс сақталмаған, ашық қалған асқа жын-шайтан тиіп, сол асты ішкен адамға ұшық тиеді деп түсінген. Бұл жерде, қазақ халқының дұрыс сақталмаған астан ауруға шалдығу мүмкін екендігін байқағанын аңғарамыз. «Ұшығуда» көбіне адамның ерніне немесе бетіне бөртпе шығады. Оны «ұшық шығу» дейді. Ол осы күнгі медицинада «герпес» деп аталады. Ұшық шыққаннан кейін сырқат тәуір бола бастайды. Осы себептен ыстығы көтеріліп, сүйек-сүйегі, басы сырқырап ауырып жатқан адамды тезірек айықтыру үшін ұшықтайды. Дененің тітіркеніп, терінің түрпіленуі ұшықтың шығуы деп түсінілген. Ерінге, ауызға ұшық шығу, халықтың түсінігінше, сырқаттың қайтқаны деп есептелген.

«Көшіру» - ауру бойындағы сырқатты басқа нәрсеге аудару мағынасында істелетін шара. Онда көбіне жылқы, түйе, сиырдың бас сүйегін бояумен сырлап, елден аулақ сырт жерге апарып тастайды немесе қуыршақ жасап ауру кісінің орнына жатқызады. Солай еткенде, ауру бас сүйекке немесе қуыршаққа ауысады деген сенімде болған. Көшіру емі сырқаттың бойындағы ауруды басқа жаққа ауыстыруға бағытталған. Халық емшілері көшірудің әр түрлі жолдарын тапқан. Соның бірінде науқас адам түйенің жілігін кеудесіне қысып, салқын суға үш рет сүңгиді. Үшінші рет сүңгігенде, науқас сүйекті су түбінде қалдырып кетуі тиіс. Сонда ауру түйенің жілігіне көшіп, су астында қалады. Бұлайша емдеу сиқырлық ұғымға тығыз байланысты. Көне заманнан келе жатқан аңыз-әңгімелер бойынша түйе адамға қорғаныш болған. Үш санына да сиқырлы қасиет таңылған (Тоқтабай, Сейтқұлова: 2005:158).

Аурудан құтылудың тағы бір әдісінде науқас адам қара сиырдың жатқан жеріне аунауы немесе қой арасына жатып ұйықтауы тиіс. Сонда ауру оның бойынан малға көшеді. Көшіру емнің енді бір түрінде арнаулы қуыршақ жасап, сырқат адамның төсегіне (орнына) жатқызып қояды. Сонда қуыршаққа сол адамның ауруы көшеді. Бұл емдер көне заманнан келе жатқан анимизм ұғымдарына негізделген. Онда ауру да жаны бар, сезімі бар зат сияқты қаралады. Аурудың бейнесінде адамға ұқсастық та бар сияқты көрінеді. Арнаулы әдебиетте бұны антропоморфизм дейді, яғни адамға ұқсастық деген ұғымға жақын. Алайда, көшіру емі ауруды алдаусыратуға бағытталған.

Егер ауру көшіруге көнбесе қорқытып, науқастың бойынан ауруды қуып шығуға тырысқан. Ол үшін де әр түрлі амалдар қолданған. Соның бірінде қатты ауырып жатқан адамның басынан асыра кенеттен мылтық атқан немесе оның қойнына тірі тышқанды салып жіберген, суық су бүріккен. Осылайша, ауырып жатқан адамды шошыту арқылы да, оның бойындағы ауруды «қорқытып» қуып шығуға тырысқан. Некен-саяқ болса да кейбіреулердің халі осындай емнен кейін едәуір тәуірленген. Оның себебі, осы күнгі ғылыми көзқарас бойынша кенеттен адамға қатты әсер ету салдарынан пайда болатын психологиялық күйзелістен адам ағзасында өзгерістер болады. Психологиялық күйзеліс адам ағзасындағы ауруға қарсы тұрып, тыныш жатқан күштерді оятуы, содан ішкі бездердің қызметін жандандыруы мүмкін. Халық ыстығы көтеріліп науқастанған адамды шешіндіріп қойып, оның дәл басынан жоғары жерден ақсарыбас қойды бауыздайды. Сонда қойдың қаны аурудың басынан бүкіл денесіне жайыла ағуы тиіс. Бұлайша аққан қойдың қаны аурудың бойындағы бүкіл сырқатты әрі қарай алып кетеді деп түсінген.

Қақтыру. Бұл ем «қағынды» деген ауруды емдеу үшін қолданылады. Ертеде «қағынды» деп ұзаққа созыла бастаған, әрдайым ыстығы көтеріліп, әлсіреуге жеткен, шамасы мүшкілдене бастаған науқастардың ауруын атаған. Сырқаттың «қағынды» делінуі, бұған ұшыраған адамды «жын-шайтандардың» соғуынан шығады деп түсінуден.

Қағынды – ауру, бұл аурумен ауырғанда адамның қатты науқас екені түр-түсінен, бет-бейнесінен айқын байқалады. Қағындыны да ырыммен емдейді, ол ырым емді қақмақ дейді. Емнің аты айтып тұрғандай, денеге жабысқан ыбылыстан қағып тазарту керек. Қағындыға шалдыққан адамды жаңа сойылған малдың өкпесімен сабалайды (Уалиханов, 1985, 2 бас:176).

Қақтыру емі былайша жүргізіледі. Ауру адамды алдымен астына бірдеңе төсеп жерге отырғызады да, оны тоқылған шимен қоршайды. Содан кейін бір ешкіні бауыздап, оның терісін де сыдырмастан, өкпесін жылы қалпында алып, қаны сорғалаған түрінде сырқатты қоршап қойған қоршауға: «Ем бол, ем бол, шипа бол!» - деп, бес немесе жеті рет қаққылайды. Осылайша, жаңа алынған өкпені шиге қаққылап болғаннан кейін ауруды орнынан түрғызып, оған бес түрлі киімді белгілі бір ретпен жамылдырады. Алдымен көрпе, одан кейін қамзол, шапан, орамал, ең соңында қол орамалды жабады. Сөйтесі де төсекке жатқызады. Егер малдың өкпесі шиге қаққаннан кейін қарайса және одан кейін науқас терлей бастаса, онда емнің қонғаны. Ал олай болмаса, онда бұл емнен жәрдем күтілмейді (Сахабат, 1996:40-23).

Ұқсастық табу арқылы емдеу. Емдеудің бұл түрі көне замандарда қолданған. Тұрпайылау болып келетін бұл емдеу түрі – бір нәрсе екінші бір нәрсеге ұқсас болса, ол екеуінің арасында тығыз байланыс болады, деп ұғудан туған. Мысалы, безгекпен ауырып, денесі дірілдеген адамды емдеу үшін судан шортан ұсталып әкелінеді. Содан кейін, жаны әлі шықпаған, денесі қалшылдап (тыпырлаған) шортанды сырқат адамның басына ұстап тұрып, пышақпен кескілейді. Сөйтіп, бұдан денесі дірілдеп тұрған сырқат пен

тыпыршыған шортаннан «ұқсастық табады». Шортан денесінің тыпыршып қалшылдауы тоқтасымен, аурудың дірілі де тоқталып, ол сауығады деп түсінген (Алдашев, Әлімханов, 1992:88).

Егер біреуді жылан шақса оның емі – құрықты үш рет тістеп, «Ем бол! Ем бол!» деумен тынады. Бұның мәнісі: жылқышының тақымындағы құрық оның жанында сүйретіліп-сырғанап, жыландай жылжығанды еске түсіретіндігінде. Содан кейін «Жылан мені тістесе, мен оны тістедім» дегенді білдіреді. Осылайша зияндық зардабын ұқсастықпен қайтару ойлап табылған (Тоқтабай, Сейтқұлова, 2005:159).

Ұқсастықты пайдаланып емдеудің тағы бір түрі - қояншық ауруын емдеу. Қояншықпен ауырған адам даладан тірі қоянды ұстатып алып, оның кеудесіне қысып отыруы тиіс. Ол өзінің халі жақсарғандай сезінген кезде, қоянды босатып жіберуі керек. Емнің негізі ұқсастықтан туған. Яғни қояншық пен қоян деген сөздердің ұқсастығында болып отыр. Қояншықты қоянмен емдеу арқылы ауруды соған көшіру. Қояншықты емдеудің басқа бір жолында алдымен құранның бір аятын оқиды да, сонан кейін қоянның басын қайнатып алып, оның сорпасымен аурудың денесін жуады. Сонымен қоса, қоянның басы мен миын әлгі сырқатқа жегізеді. Ұқсасты ұқсаспен емдеу шарты ұзаққа созылған өкпе ауруына шалдыққандарды да емдеуден көрініс табады. Ол үшін аурудың жынысына лайықты, түсі көк қойды мал ішінен таңдап алып сояды да, оның өкпесін кеңірдегімен суырып алады. Көкжөтелге ұшырағанды шешіндіріп жаңағы көк қойдың өкпесімен кеудесін қағады. Сонымен қатар, қойдың өкпесін қатты қызған темірдің үстіне ұстап, ол шыжығанда шыққан буды науқастың бетіне қарай үрлейді. Үрлей отырып: «Ем бол! Шипа бол!» деу керек. Біз емдеудің бұл түрінен үшкіру, қақтыру және көшіру тәсілдерінің де орын алғанын байқаймыз (Васильев, 1902:149-150).

Жылан шаққанды емдеудің бір жолы мынадай. Шаққан жыланды ұстап алады да, оны арқанмен немесе жіппен қазыққа бір күн бойы байлап қояды. Жыланның маңына түнде мал жатқызады. Бұл түсінік бойынша жылан малдың тіс шықырлатқанын көтере алмағандықтан қатып қалады. Егер осыдан жылан қатып қалса, оның шаққан уы да қайтады. Бұл ем де ұқсастықты ұқсастықпен емдеуді еске түсіреді.

Сендіріп емдеу. Емнің бұл түрінде науқасты тікелей сендіру негіз болады. Мысалы, көзге шыққан теріскен, шиканды емдеу үшін пайдаланылмаған жаңа инені алады да, оған жіп сабақтап, шикан шыққан адамның бас киіміне, ине ұшы көздің деңгейіне дәл келтіріліп ілінеді. Көзінде теріскені, шиканы бар адам иненің ұшына көзін салып, осы бас киімін шиканы кеткенше киіп жүреді. Теріскенді, шиканды емдеудің басқа бір түрінде көзді зәм-зәм суымен жуады. Зәм-зәм суын киелі, әулиелі орындардан, өзен, көлдерден алынған сулармен көзін жуса көз ауруы жазылады деп сенген.

Сендіріп емдеу, көбінесе оған сиқырлы мағына телу арқылы жүргізіледі. Халық емшілері қояншық ауруы бар адамды емдегенде қағазға құранның белгілі бір сүресін жазып, оны ұнтақтайды да, ауырған адамға ішуге береді. Ал оны ішкен адам жазылып кетем деп сенген. Нәтижесінде аурудан құлан таза айыққан.

Жылан шаққандарға кейде бүркіттің шикі миын: «ем бол, ем бол!» деп жеуді де ұсынады. Сонымен қоса, жылан шаққан адамға бір жыл бойы өзеннен өтуге тиым салынады. Егер біреуді құтырған ит-құс қауып алса, ол әйелдің екі аяғының арасынан өтуі тиіс деп ұсынылады. Ел ішінде бүйінің, қарақұрттың, жыланның шағуынан емдеуші, соны көсіп қылатын адамдар да болған. Оларды арбаушы деп атаған. Арбаушы адамды шаққан жыланды ұстап алып, оны арбаған. Егер оның арбауы нәтижелі болса жылан өліп қалады да, ол шаққан адам жазылып кетеді деп сенген.

Саяхатшылардың бірі - ертеде қазақ елін аралап жүріп күйеуінен айырылып көзі соқыр (зағип) болып қалған әйелді емдегенді көргенін жазады. Онда әйелді жылан еті пісіліп жатқан құмғанның үстіне отырғызған. Құмғаннан қайнап жатқан жылан етінің буы бүрқырап шыға бастағанда зағип әйел көзін үнемі ашып отыруы тиіс. Осындай емнен кейін әйелдің көзі қайтадан көре бастағанына саяхатшы қатты таңданады. Мұндай жағдайды мүлдем жоққа шығаруға болмайды. Өйткені көздің соқыр болуының сан алуан себебі бар. Соның бірі – күйгелек мінезді әйелдердің қатты ренжитіні, қорқатыны немесе мазасыздана шырығатыны. Осы күнгі ғылыми медицинада мұны истериялық соқырлық дейді. Ондай соқырлықты гипнозбен немесе сендірудің басқа да түрлерімен емдегенде құлан-таза етіп тез жазып жіберуге болады. Ал бұрын соқырлардың бәрі бірдей қаралып, оның әлгідей жазылатын түрі жоғарыда көрсетілгендей ем-домнан қайтса, ол жетістік ел арасына лезде тарап кететін болған. Көз

алмасынан, көз тамырларынан болған соқырлық ондай емге мүлдем қайтпаған. Бірақ халық арасындағы емшісымақтар соқырлықтың әр түрлі жағдайда болатынын білмей, оның бәріне бірдей сол айтылғандай ем-домды қолдана берген.

Халық ықылық тиюді басуды өзін-өзі сендіру жолымен дәл тапқан. Ол үшін ықылық басталысымен дауыстап санай бастайды. Бірінші ықылықта «бірден», екінші ықылықта «екіден», үшінші ықылықта «үштен» деп, және әрі қарай ықылыққа ден қоя санай береді. Осылай еткенде ықылық басылып қалады. Міне, бұл адамның өзін-өзі сендіруінің нәтижесі.

Сендіріп емдеу, көбінесе оған сиқырлы мағына телу арқылы жүргізіледі. Біздің бақылауымыз бен зерттеулеріміз сиқырлы мағына бере сендіру тікелей сендіріп емдеуден күштірек екенін айқындады. Мысалы, молданың қояншық ауруы бар адамды емдегенін алайық. Мұндай ауруды емдеу үшін молда қағазға құранның белгілі бір алтын жазып, оны ұнтақтайды да, ауырған адамға ішуге береді. Бұл да негізсіз емес. Қояншық ауруының да кейбір түрі сендіріп емдеуге көнеді. Әлгі айтылған емдер негізінен екі түрлі сендірі жолымен жүргізілгенін көрдік. Оның біріншісі – құранның аятына, оның қасиетіне сендіру түрінде де, екіншісі аят жазылған қағаздың ұнтағын ішуде пайда болатын нақтылы әсерге сену түрінде. Біз шын, таза кеңілімен құранға сенген адамды аят айтып емдегенде, ол емнің соған шипа болуын жоққа шығара алмаймыз. Өйткені сенімнің адам өмірінде алатын орны зор.

Магиялық емдеудің тағы бірі бұл – *тіл мен көз сұғын емдеу*. Тіл мен көз сұғы туралы ата-бабаларымыз ерте кезден білген. Оған шамалары келгенше қарсы ем-дом жасаған. Бұл жөнінде Ө. Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баянында» жақсы келтірілген. «Сұғы барлар қылықты, бітісі әдемі, жаратылысы сүйкімді баланы көріп, «Паһ» десе болғаны, келесі сол уағынан қалмай шетінемек, мұны көзімізбен көрдік. Бірақ мен дарымдаған шипа ем дарым шәруаты дарымдылығы алғысыздықпен тындым тапқандығы өзіме аян. Бұл көз сұғы болсын, тіл сұғы болсын, кейбіреулер танданса, кейбіреулер ызаланса, сұғын қадауы тындырымдылық қастық сырқаты тудырмағы шарт екен. Мұндағы тылсым сырын, тек Алладан басқа білер ешкім жоқ. Енді оның дарымы, сұғы тиген адамның өзін тауып, өз сұғын өзіне қайтартса, айықтырым таппақ. Кейбіреулері айықса да кемтар болмағы Алла жазуы болмақ. Оған қарысса көз сұғы бар, тіл сұғы бар адам қырық күнге дейін оңала алмай, нәумезденіп, есін толық жия алмай қалмақ. «Жынын алдырған бақсыдай» сүміреймегі шарт. Көз сұғы бар адамның көзі ішінде не көз маңдайында қара қал не меңдеме көз көрігі болмақ. Оның көз қарашығы жалынды, қарауы сұсты, өткір. Жанары қара болмақ. Ал тіл сұғы барлардың ауыз айналасы, ерін, ұрт маңында меңдіме не қалы болмақ. Тілінде өте-мөте өзектік, немесе тілінде теңбіл не қал сүрей болмақ деп көрсеткен шипагер бабамыз. (Тілеуқабылұлы, 1996:23-25).

Көз тигенде көз қуаты кетіп, әлсіреп бей-жай бір халге түсіп, істеген ісінің қиюы қашады. Ал бала болса, қолды аяққа тұрмай шырылдайды, шыңғырып жылай береді. Көз өтіп кетіп, дер кезінде емделмесе, баланың өліп кетуі де мүмкін. Көз тигеннің тағы бір белгісі адамның арқасында пайда болатын көкшіл сұр түсті жолақтар. Бұл жолақтар адамға қай жылы, қаншалықты мөлшерде тіл көз тигенінен хабар береді. Көп жағдайда оны жай адамдар көре алмайды, тек халық емшілері ғана көреді. Көз тартатын көрікті жанға кез-келген адам: «Әдемсін-ай» деп сұқтана бір қараса соның өзі әлгі адамға кірне болып жабысады. Сұқтанбай, алаңсыз жүрген жанның ту сыртынан тесіп өтетін көздің уытынан жауырынның екі ортасында қалдырар қара түстес жолақтар зардабы жылдар бойы адамға зиянын тигізіп, денсаулығын әлсірете береді.

Көз тиген адамның ол жайлы білмеуі де мүмкін. Осындайда сақтанып, жас балаға адамның назарын өзіне аудару үшін жылтырақ заттар тағып қоятыны сол үшін. Көз тигенде сау адам бірден әлсіреп қалмауы да мүмкін. Көз тию көбіне қараған адамға да байланысты болып келеді. Қызғаншақ, іші тар, аш көз адам ішіп жеп қарағанда, адамның денесін қоршап тұрған биоөріс қабатын тесіп өтіп, бойындағы тіршілік қабатын сорып алады. Кейбір адамдардан сақтанып, «Байқандар, көзі өтіп кетеді», деп жаңа туған нәрестені жасырып жататыны сондықтан. Ондайларды - энерговампирлер деп, ал халық арасында дуагерлер деп атайды. Көз тигізбеудің тағы бір амалы - адамға қарағанда да, мақтағанда да «Тіфө, тіфө, тілім тасқа тисін» немесе «тіл көзден аман болсын» деп айтып отыруы керек (Парманов, 2009:134).

Көз тигенді кетіру үшін ағашқа мақта орап, оны майға майлап, Құран аяттарын оқи отырып, «Көш, көш» деп ауруды үш қайтара айналдырып, адам аяғы баспайтын

жерге лақтырып тастау керек. Аластау - дегеніміз отпен, шырақпен, Құранның қасиетті сөздерін үш мәрте қайталап, адамды айналдыруды айтады, ал ащылау деп түзбен немесе күлмен ауру баланың бойынан жүргізіп шығуды айтады. Сондай-ақ, ішіртікі, бойтұмар да көз тиюдан сақтайды. Тек оларды аяққа баспай, жерге тастамай, әжетханаға алып кірмей, ұқыптап сақтау керек. Сонымен бірге, біз куә болған үлкендердің көз тигенде, бір нәрседен шошып, қорыққан кезде қорғасынды ерітіп, табаққа салқын су құйып науқас адамның басының үстіне ұстап тұрады да ерітілген қорғасынды құйғанына куә болдық. Құйылған қорғасынды судан алып формасына қарап мынау тілге ұқсайды, мынау көзге ұқсайды деп өздерінше топшылап қатқан қорғасынды басынан үш рет айналдырып, аяқ баспайтын жерге көміп тастайды. Бұлай істесе барлық жамандық сонымен бірге кетеді деген ой наным болатын.

Ата-бабаларымыз тіл-көз тиюдi аса қатерлi, ем қонуы қиын деп ұққандықтан да, атын тура айтудан қаймыққан. Көбіне «ит тиген» деп астарлап ғана сөз ететін болған. Түскен жерін үй орнындай ойып түсетін жайдың оғы тәрізді көз бен тіл, адам өңменінен өткенде, қос жауырынның ортасында алақандай қара дақ қалады. «Жанары жасындай», «Тілі мiрдiң оғындай» деген теңеу осындай әсерге байланысты айтылған.

Халқымыз тілі көз тиген баланы қасқырдың дене мүшесімен ырымдап емдеген. Қасқырдың бас сүйегі, жақ тістері, өті, тырнағы, кенiрдегi түрлi кеселге таптырмайтын дәрі. Тәуіптер баланың бойындағы тіл, көздерді осындай жануарлардың мүшелері арқылы үзілді-кесілді жойып отырған. Көз арқылы бойға енген биокуатты тез ығыстыру маңдайға, әсіресе, екі қастың ортасына қасқырдың өтін жақса, тіл-көздің өтімділігі тез қайтады. Ал жас баланың бесігіне қасқырдың тырнағы, киелі күс үкінің балақ жүнін іліп қойса, ол тіл, көз тиюден ада болады (Әлімжанов, 2009: 150-152).

Оташылар – жараларды (ірінді жара, ойық жара, бітеу жара), тілме, күбіртке, шикан, күйік, үсік, сіңір созылуы (тартылуы), сіңір үзілуі секілді дерттерін емдей білген. Сонымен қатар, ісік қайтарған және қан алу, қан тоқтату, сүндетке отырғызу, жылан шаққанды емдеген. Және де адам денесіндегі бездерді алып тастау, көздің ағын сылып алу сынды күрделі хирургиялық қызметтерді де атқарған.

Ертеректегі Ресейлік дәрігерлер мен емшілер қазақтардың оташылық (хирургиялық) қабілетіне таңқалған. Ен далада көшпенділер жасаған операциялар күрделілігі жағынан Еуропаның аса көрнекті хирургтарының тіпті осы заманғы медициналық жабдықтарды, ғылым мен техниканың ең соңғы жетістіктері мен әдістерін қолдана отырып жасаған операцияларынан ешбір кем түспеген. Мұндай операциялардан, мәселен, тіпті сол кездегі Еуропалық медицина үшін аса күрделі деп саналатын нәрестені кесарь тілігі арқылы алу операциясын атауға болады (Әбдіраман, 1999:49).

Кейбір тәжірибелі оташылар ішек құрты ауруларында лимфа түйіндерін алып тастаумен айналысқан. Ол үшін олар жүзі өткір пышақпен мойнынан төмен қарай кесіп, ондағы лимфа түйіндерін сылып алып тастап отырған. Оны алып болған соң жараны жылы сумен жуып, малдың іш майын жағып орап қойған Жараны дәл осылай екі күн сайын маймен сылап таңуды әрбір екі күн сайын жаса отырған. Жара бас-аяғы он күнде толық жазылған (Шарманов, 1978:52).

Оташылар сыздауық, шикан,көр шикан, күбіртке, сүт безінің ірінді қабынуы сынды ауруларды емдеуде консервативті тәсілді қолданған. Аталған ауруларды емдеуде ең алдымен олардың іріндері ертерек жиналып, жарылуына мүмкіндік беретін мал мен өсімдіктердің өнімінен алынған дәрілерді жағу немесе ішкізу арқылы емдеген. А.Васильевтің келтірген мәліметі бойынша, суықтан жараға айналған жерлерге малдың жаңадан алынған терісін, етін, құйрық майын, жұмыртқаның сарысын жағып емдеген.

Оташылар жылан және өзге де улы жәндіктер шаққанда шаққан жерді сәл жоғарылау жерден байлап, шаққан жердің дәл үстінен тіліп, қанды ауызбен сорып, түкіріп тастайтын болған. Содан кейін сол шаққан жерге балғын ет, май, құйрық май, жылан мен қаракүрттың басынан дайындалған дәрілерді немесе тіпті тірі бақаны қойып, байлайтын болған (Васильев, 1902:142)

Оташылардың күйік пен үсікті емдеудегі әдіс-тәсілі ерекше болып келеді. Күйген жерлерге малдың терісін, жылқы мен қаздың майын, ашыған сүтті жағу арқылы, және де тұзды, ұнды себелеу арқылы да емдеген. Ал үсікті қайтаруда оташылар ең алдымен үсіген жерді салқын сумен жуған немесе қармен ысқылаған, сосын, бұл жерге қаздың майын немесе жылы суға ерітілген күртты жаққан. Ішуге қымыз берген. Ал үсіген жер емдеуге келмей іріндей (гангрена) бастаса, онда оны кесіп тастаған. Және кесуді тек

кожалардан шыққан оташылар ғана іске асырған (Васильев, 1902:145-146).

Бір айта кетерлігі, оташылар мен сынықшалардың ауруларды емдеуде атқарған кейбір әдістері біршама ұқсас болғанымен де, олар өзіндік ерекшеліктерге ие болған. Тіптен, оташылардың емдеу құралдары да сынықшылардан біршама өзгеше болған. Оташылар емдеп жазған келесі аурудың түрі ол – *ревматизм*. Ол негізінен суықтан пайда болатын, буын-буынды суықтатқаннан болатын ауру. Ревматизм асқыну кезеңдеріне қарай – жай ревматизм, жел ревматизм, сүйек ревматизмі, құрт ревматизмі, ең асқынған түрін құрт ревматизмі, яғни сүйек туберкулезі деп бөлген.

Сынықшылық – ішкі және сыртқы сынық пен шығуды емдейтін көп жылдық тәжірибені біріктірген халық медицинасының эмперикалық саласына жатады. Бүгінгі ғылыми медицинаның травматология саласы халық медицинасының сынықшылар қолданған емдеу тәсілдерін өз тәжірибелерінде кеңінен қолдануда.

Сынықшы – сынық пен буынның шығуын емдейтін атадан балаға берілетін ерекше қабілет иесі. Олар ерте кезден-ақ халық арасында ерекше сый-құрметке ие жандар. Қазақ арасында есімдері мәлім, қолы жеңіл сынықшылар ерекше халық құрметіне бөленген. Әйтсе де, Қазақстан бойынша сынықшылық өнермен айналысатын нағыз сынықшылардың қатары сиреп келеді. Соған қарамастан, аты елге әйгілі, өзінің сынық салудағы өнерімен танымал болып, тіптен травматолог-дәрігерлердің өздерін мойындатқан сынықшылар әлі де ел арасында кездесіп жатады. Қазақ халқы сіңірі созылғанда, сүйек сынғанда, буыны шыққанда ең бірінші сынықшының көмегіне жүгінген. Ашық және жабық сынықтармен бетпе-бет келген халық емшілері – сынықшылар емдеудің бірнеше әдіс-тәсілін ойлап тапқан. Оның кейбірі өзге халықтардікіне ұқсас болса, енді бірі тек сол халықтың тұрмысына сай өзіндік ерекшелікке ие.

Ал қазақ халқы – ғасырлар бойы мал шаруашылығымен айналысып, оны тіршілік еткен халық. Көшпелі қазақтардың қатал тұрмысында әртүрлі жаракатқа ұшырап, мертігу, оған қоса күнделікті өмірде болатын, кездейсоқ жағдайларға байланысты шыққан буын мен сыныққа жәрдем көрсетуде сынықшылардың алатын орны ерекше болған. Қазақ сынықшыларының сынықты дұрыс сала білуіне олардың мал анатомиясын, сүйек құрылысын жетік білулерінің елеулі рөл атқарғаны айдан анық (Абдуллаев, 2003:21).

Бағзы заманнан кең даланы еркін жайлап, мал баққан, аң аулаған қазақ халқы мал сүйектеріне қарай отырып, адам сүйектерінің де өзара байланысу ерекшеліктерін, мәселен білек пен балтыр (әрбіреуі) қос сүйектен тұратынын, буындар сіңір арқылы байланысатынын, оларды сірі қалташықтар қаптағанын, тізе буында айқыш-үйқыш сіңірлер, ал ұршық буында іштей орналасқан сіңір бар екенін жақсы білген (Жакупова, 1998:2).

Әдетте, сынықшылар жылдар бойы сынған малдың сүйектерін орнына салып тәжірибе жинақтаған, тек содан кейін ғана адам емдеуге кіріскен. Кей сынықшылар он сегіз жыл бойына жануарлардың сынығын салып тәжірибе жинақтаған (Шарманов, 1978:45).

Сынықшылар өздерінің алғашқы тәжірибелерін малға жасаған. Сынықшалар алдымен денеден ағып жатқан қанды тоқтатуға әрекет жасап, ол үшін сынған жердің жоғары жағынан байлап тастау шарасын қарастырған. Жараны тұзды сумен жуып, күйдірілген қаз, жылқы, ешкі майымен сылайтын. Бұзылған сынықты, шыққан буынды салу үшін сынықшы қолын күйдірілген маймен майлап алып, сау жерінен бастап терісінің сыртынан сипалай отырып, жарақаттанған жерді байқап көретін. Ондағы мақсат жарақаттанған немесе шыққан буынды сынықтың қанша дәрежеде бұзылғанын алдын-ала анықтау.

Сынықшылар сынықты жинап салудың бірнеше тәсілін меңгерген. Әр сынықтың ерекшелігіне орай икемді әдіс бойынша әрекетке кірісетін болған. Жарақатқа ұшыраған сынықты аса сезімталдықпен жинастыруға тырысқан. Сүйекті жинастыру кезінде сынықтың бір бөлігі жиналмай қалып қойса, әлгі жер тез арада іріңдей бастайтындығын есте ұстаған.

Сынықшылар сынған сүйекті немесе шыққан буынды салуда алдымен қолдарын жылқының майымен майлап алған. Содан кейін тері мен бұлшық етті барынша босаңсытып, ауырсынуды басу үшін массаж жасай отырып, сынықтың немесе шыққан буынның бағытын анықтап отырған. Осындай массаждан кейін ғана сынған бөліктерді біріктіруге көшкен.

Сынықшылар сынық салуда адамның ауырсыну сезімін басатын дәрілер қолданбаған. Олар сүйек сынықтарын жымдастырып, өз орындарына қойған сәттерде науқас адамның

ауырсыну сезімі «таза» болуға тиіс деп санаған. Егер сүйек сынықтары өз орындарына түсіп, жымдасқан болса, науқас адамның ауырсыну сезімі басылып тыныштанады, ал керісінше, сүйек сынықтары орындарына түспесе ол мазасызданып, қозғала алмай қалады, қозғалса да қатты қиналады (Әбдіраман, 1999:96).

Сынықшылар жабық сынықты да, ашық сынықты да бекіту үшін сынған жерді айналдыра жұмсақ шүберекпен, оның сыртынан түйенің шудасын, не қойдың жабағысын орап, жіңішке жіппен айналдыра шандиды да, сыртынан сынық бекітетін құралмен бекітеді. Осылайша сынық бекігенше бірнеше рет қайталаынады. Сынық бекітетін құралды жасау үшін белгілі мөлшерде киіз кесіп сыртынан жұмсақ шүберекпен тыстайды да, ұзыннан төрт жерден ағаш қойып, ағашты киізге бекітіп, бау тағады (Әбдіраман, 2002:21).

Қазақ сынықшылары сынықтарды мынадай түрлерге бөлген:

1. *Жарықшақ сынық*. Егер сүйек шорт сынбай немесе айқасып сынбай тек жарық шақтанып сынған болса олар жарықшақ сынық делінеді. Мұндай сынықты тартып созбай, тұзды суға матаны малып таңып тастаған. Жеті күннен кейін қайта босатып, сынған жерді сорботқамен жуып босау етіп қайтадан орап тастаған. Әдетте мұндай сынықтар дәл осылай екі орағаннан-ақ бітіп кеткен.

2. *Шорт сынық*. Егер сүйек жарықшақтанбай, айқасып сынбай, екі жаққа үзіліп сынған болса, онда оны шорт сынық деп атаған. Оны салуды халық емшілері келесідегідей әдіспен іске асырған. Алдымен сынған сүйекті қатты тартып отырып орнына салып, содан кейін сыртынан ерсілі-қарсылы орап қатты етіп байлайды. Оны ерсілі-қарсы байламаса, онда сүйек бір жағына қарай ығысып кететін болған. Одан кейін сынған сүйектен артығырақ тақтай дайындап, төрт жағынан тақтаймен қоршап сыртынан орап тастайды. Таңғанда сынған сүйекті сау сүйектен оздырыңқырай, артықтау таңады. Мәселен, қол сынса, екі қолды теңестіргенде сынған қол сау қолдан бір елідей артығырақ болып шығуы керек. Осылай байланғанда ол біте келе теңесіп кететін болған. Сынықты саларда сүйегі сынған адамды екінші бір адам белінен ұстап қатты тартып отырып, салаған кезде, сіңір созылмай, сүйектің арасына ет қысылып қалмай жақсы бітіп, жазылатын болады. Мұндайда алғашқы таңу 10 күндік мерзімге таңылса, екінші кезеңде босаңдау етіп қайта таңатын болған. Нәтижесінде, осындай екі рет таңудан кейін сынық та жазылатын болған.

3. *Айқаспа сынық*. Сынған сүйек үстіне немесе астына айқаса сынса мұны айқаспа сынық деп атаған. Оны қолмен ұстап екі жағынан тартып отырып орынына түсіреді. Онан соң ерсілі-қарсылы айқастыра орайды да сыртынан тақтайды қойып қатты таңып тастайды. Олай болмағанда орынан қозғалып кетеді. Бұл гипстің орнына жүреді. Тура осы байланған қалпында 10 күндей тұрады. Егер сынықтың екі жағы сыздап ісінген болса, онда оның орнына түкендігі. Он күн дегенде сүйек біте бастайды. Он күннен соң, шешіп, тұзды сумен жуып, сорботқамен орап босаңдау етіп қайтадан таңып тастайды. Егер аяқ сынып, және оны дәл осы тәсілмен таңғанда аяқтың басы істемесе, онда сүйектің орнына түспегендігі. Міне осындай жағдайда сынықшылар қаздың немесе жылқының майымен майлап отырып сынықты қайта бұзатын болған. Содан соң дәл жаңағы әдіс бойынша қайтадан байлаған. Егер алғашқы орау сәтті болса, екінші рет таңғанда ісік қайтып жақсара беретін болған. Егер жас адамның сүйегі сынған болса, онда ол тез бітеді. Сондықтан да сынықтың бітуі адам жасына байланысты балған.

4. *Бұғана сынығы*. Бұғана сынғанда көбірек бұғананың басы ішіне қарай кіре сынады. Ол үшін алдымен бұғана сынған жақтағы қолтықтан көтеріп, тіреуіш қойып барып қана салатын болған. Содан соң кеуде мен жауырыннан тақтай қойыпмықтап таңып тастаған. Адамның мойны сынған бұғана жаққа қаратылып, бұғананың басы ажыратылып кетпейтіндей етіп таңылады. Адам сол отырған кейпінде тік отырып ұйықтайды. Дәл осылайша он күн отырып, белгіленген шарттарды дұрыс сақтайтын болса, бұғана орнына дәл түсіп бітетін болған. Негізінде кез-келген сынықтың бекуі ол адам жасымен есептелген. Егер сынық қатты ауыртып шыдатпаған жағдайда сынықшылар ауырды басу мақсатында, үкі еті мен жылан етін қайнатып беріп отырған. Себебі олар ауырғанды басып, сүйектің бітуін тездетеді. Сынықты бекіткеннен кейін сары май, жылқы еті, қошқар немесе текенің етін, аңның етін жеуге тиым салған. Бұл еттер қанды ысытып сүйектің бітуіне зиянын тигізетін болған. Егер сынық теріс салынып, қисық бітер болса, оны жылқы, түйе, қаз майымен, қойдың құйрық майы сияқты жібітетін майлардың біреуімен сыртынан жағып, сары май жегізген. Бір апта осылай істеп, сүйекті былқылдатып

жібіткен, содан соң түзулеп қайта салған.

Буынның шығуын сынықшылар да оташылар да емдей береді. Енді осы буынның шығуына және оны салудың жолдарына тоқталайық. Адам денесінің буындарының барлығы дерлік шығуы мүмкін. Оларға жекелей тоқтала кетсек:

Жақ сүйегінің шығуы. Жақ сүйегі көп жағдайда қатты күлгеннен немесе қатты есінегенне болады. Жақ сүйегі шыққан адамның тілі салақтап, тамақты жұта алмайтындай дәрежеге жетеді. Сынықшылар жақ сүйегін салуда келесідегідей әдісті қолданған: орамалды суға салып сығып тастап иекті мойыннан тартып орап қояды. Одан кейін иекті орамалмен қоса ұстапсәл көтеріңкіреп келіп төмен қарай шорт басу арқылы жақ сүйегін орнына түсіреді.

Мойын сүйегінің шығуы. Қазақ халқы ат құлағында ойнап, көкпар шауып, бөйгеге қатысып өмір сүрген. Сондықтан көптеген шығулар мен сынулар осы аттан құлаудан болып отырған. Аттан жығылудан немесе төбесімен тік шаншылып түсуден мойын сүйектер ішығып кетіп отырған. Мойын сүйегі шыққанда мойны шодырайып бір жаққа қарай қисайып қалатын болған. Мұны салудың әдісін, сынықшылар келесідей жолмен іске асырған: Шодырайған жағын үстіне қаратып иыққа бір жастық, ал бас жағына бір жастық қойған. Содан кейін шодырайған жерді тіземен немесе жалаңаяқпен бір басып қалғанда күрт етіп, шодырайған жер жоғала қалса, онда шыққан жер орнына түскені болып есептелген (Дәулетұлы, Айғалиұлы, 2003:6).

Иықтың шығуы. Тоқпақ жіліктің басы жауырыннан ажырап қолтыққа кіріп кеткен жағдайда иық шығады. Мұны салудың әдісі былайша болмақ: иығы шыққан адамды шалқасынан жатқызып, содан соң, иықты орнына қайта салмақшы болған адам жалаң аяқтанып иығы шыққан адамға қарсы жатады да аяғының бақайы иығы шыққан адамның басын біреуге мықтап ұстатып, сынықшы иығы шыққан адамның қолын тартып тұрып бақаймен қолтықтағы тоқпақ жіліктің басын қатты итеріп қалғанда, шыққан сүйек сырт етіп орнына түседі.

Көрі жіліктің шығуы. Көрі жілік көп жағдайда қолымен жерді тірей құлаған кезде болады. Бұл кезде міндетті түрде сынықшыларға көрсетіп, тек солардың саулығымен ғана іске асырған. Сынықшылар көрі жілікті орнына салудың ең тиімді әдісін білген. Алдымен қолды жалаңаш ұстап, сүйектің шыққан жерінің сыртынан уқалап отырып анықтап алған. Содан соң адамның шыққан қолын тартып тұрып, оның бетіне суық суды бүркіп жібергенде, қолы шыққан адам селк етіп, қатты шошиды сол екпінімен барып, шыққан жілік орнына түсе қалған. Жілік орнына түскен соң, оны матамен таңып, мойынға асып қойған. Бас-аяғы бір жетіде буын бітіп, қалпына келген.

Тізе сүйектің шығуы. Ол жығылудан, аттың тебуінен оңай шығып кететін, жылжымалы мүшенің бірі. Шыққан тізе сүйекті орнына салу үшін, алдымен тізе сүйектің қай жаққа қарай шыққанын анықтап алған. Тек содан кейін ғана оны салуға кіріскен. Сынықшылар сүйекті салуда бір қолымен тізені уқалап отырып, енді бір қолымен қалыңдау етіп оралған матамен тізе сүйектің шыққан жағынан қағып қалу арқылы сүйекті сарт еткізіп орнына түсірген. Сынықшылар ірі қара малдың дәл осылай шыққан тізесін киіз тоқпақпен ұрып орнына түсірген.

Қорытынды: Сан ғасырлар бойына жалғасқан халық медицинасының бүгінгі күн мен сабақтастығын және оның ұлттың рухани-мәдени құндылығы ретінде қалыптасуын және этномәдени мұра ретінде жаңғыруын, насихатталуын қолға алу тарихшы-этнографтардың міндеті. Қазақ халқы ертеден аурулардың алдын алуда, олардың шығу себептерін анықтауда және емдеп жазуда наным-сенімдермен ырымдарды ұстануы, халық мұрасының бүтіндей бір салт –дәстүрлер кешенін сақтай білуі халық денінің, рухының саулығын сақтауда ерекше маңызға ие болды. Міне, осы жағынан алып қарағанда, қазақтың халық медицинасын салт-дәстүрлер кешені мен бірге сабақтастыра жан-жақты қарастыру, оны ғылыми айналымға енгізудің маңызы жоғары.

Халық арасында халықтық медицинасындағы «көшіру», «үшкіру» «ұшықтау», «сеңдіру», «қақтыру» сияқты емдеу тәсілдерінің әлі де болса ел арасында кездесетіндігін белгілі ғалым Ә.Т. Төлеубаев та өз еңбегінде көрсетеді (Төлеубаев, 2013: 228-229). Мұның бәрі әрине, діни наным-сенімнің сарқыншағы деуге болады. Десекте қазақ этнографиясында әлі де зерттеуді қажет ететін мәселелер баршылық. Қазақ халқының халықтық медицинасын зерттеу мәселесі күні бүгінге дейін дұрыс жолға қойылмай келді. Оның басты себебін халықтық медицинаны көпшіліктің мойындамауы мен оны зерттеуге кезінде тиым салынғандығынан іздеуге болады және «арнайы ғылыми

зерттеулердің көпке дейін болмауы» да кері әсерін тигізді. Кеңес Үкіметі тұсында қазақтың төл тарихы, салт-дәстүрі мен мәдениеті, тілі де, діні де қыспаққа алынып, халық медицина өкілдері, шипагер емшілері де сол бұлаудан шыға алмаған кез болатын. Соған қарамастан, халық арасында шынайы халық емшілігі мен шипагерлігі құпия түрде өмір сүруін жалғастыра берген. Қазақ арасындағы оташылар мен сынықшылар қай заманда болмасын елдің үлкен ықыласына ие болып отырғандығын тарих беттерінен де, күнделікті өмір тәжірибелерінен де көріп, көз жеткізудеміз. Сондықтан да осы бір қасиетті өнердің жоғалып кетпеуіне баса назар аударып, керісінше оны ары қарай жетілдіріп дамытуға ықпал етуге тиістіміз.

Халық медицинасы сан ғасырлар бойына құпиясы ашылмаған, тек атадан балаға ауызекі мұра болып келген киелі дүние.

Әдебиет

- Алдашев А., Әлімханов Ж. Қазақтың халық медицинасының құпиясы. Алматы. Қазақстан, 1992. 130 б.
- Абдуллаев К.А., Даушева Ж. Народная медицина казахов // Столичная жизнь», 5 май. 2003. С. 21.
- Әбдіраман Ө. Қазақтың дәстүрлі халық емшілігі. Алматы. Қазақпарат, 2002. 160 б.
- Әбдіраман Ө. Қазақтың қара емдері. Алматы, 1999. 172 б.
- Әлімжанов С.Ө. Тілеуқабұлұлы тіл-көз сұғы жөнінде // «Қазақтың ғалым шипагері Ө.Тілеуқабұлұлы» атты VI – халықаралық конгресінің ғылыми-теориялық материалдары. Тараз, 2009. 247 б.
- Васильев А. Народные способы врачевания у киргиз Тургайской области. Торгай, 1902. С. 125.
- Парманов Х. Халық емінің пайдасы // «Қазақтың ғалым шипагері Ө.Тілеуқабұлұлы» атты VI – халықаралық конгресінің ғылыми-теориялық материалдары. Тараз. 2009. 247 б.
- Сахабат С. Халық емінің құпиясы. Шымкент, 1996. 40 б.
- Тоқтабай А., Сейтқұлова Ж. Төрт түліктің қасиеті. (Қазақ малшаруашылығына байланысты әдет-ғұрыптары). Алматы, 2005. 192 б.
- Төлеубаев Ә.Т. Қазақ халқы этнографиясының мәселелері. Таңдамалы еңбектер мен мақалалар. Алматы: Service Press, 2013. 2-том. 496 б.
- Тілеуқабұлұлы Ө. Шипагерлік баян. Алматы, 1996. 220 б.
- Дәулетұлы Б., Айғалиұлы Е. Сынықшы деген бір сиқыр // «Ана тілі», 2003. 23 қаңтар. 6 б.
- Жакупова М.А. Народная медицина: вчера и сегодня // Фармацевтический вестник. 24 декабрь. 1998. С. 4.
- Уалиханов Ш.Ш. Таңдамалы... Алматы. Жазушы, 1985. 2 баспа. 560 б.
- Шарманов Т. Очерки по истории народной медицины Казахстана. Алматы, 1978. С. 202.

References

- Aldashev A., Alimkhanov Zh. Kazakhtyn khalyk meditsinasynyn kupiyasy. Almaty. Kazakhstan, 1992. 130 b.
- Abdullayev K.A., Dausheva Zh. Narodnaya meditsina kazakhov // Stolicnaya zhizn'. 5 may. 2003. S.21.
- Abdiraman O. Kazakhtyn dasturli khalyk emshiligi. Almaty. Kazakparat, 2002. 160 b.
- Abdiraman O. Kazakhskaya chernaya meditsina. Almaty, 1999. 172 s
- Alimzhanov S.O. Tileukabyluly til-koz sugy zhoninde // «Kazakhtyn galym shipageri O.Tileukabyluly» atty VI – khalykaralyk kongresinin gylymi-teoriyalu materialdary. Taraz. 2009. 247 b. [in Kazakh language]
- Vasil'yev A. Narodnye sposoby vrachevaniya u kirgiz Turgayskoy oblasti. Torgay, 1902. S. 125.
- Parmanov Kh. Khalyk eminin paydasy // «Kazakhtyn galym shipageri O.Tileukabyluly» atty VI – khalykaralyk kongresinin gylymi-teoriyalu materialdary. Taraz, 2009. 247 b.
- Sakhabat S. Khalyk eminin kupiyasy. Shymkent, 1996. 40 b.
- Toktabay A., Seytkulova Zh. Tort tuliktin kasieti. (Kazak mal sharuashylygyna baylanysty adet-guryptary). Almaty, 2005. 192 b.
- Toleubaev A.T. Kazak khalky etnografiyasynyn maseleleri. Tandamaly enbekter men makalalar. Almaty, Service Press, 2013. 2 tom. 496 b.
- Tileukabyluly O. Shipagerlik bayan. Almaty, 1996. 220 b.
- Dauletuli B., Aygalnuli E. Siniqshi degen bir siqir // «Ana tili», 2003. 23 s. 6 b.
- Zhakupova M.A. Narodnaya meditsina: vchera i segodnya // Farmatsevticheskiy vestnik. 24 dekabr'. 1998. S. 4.
- Ualikhanov Sh.Sh. Tandamaly. Almaty: Zhazushy, 1985. 2 baspa. 560 b.
- Sharmanov T. Ocherki po istorii narodnoy meditsiny Kazakhstana. Almaty, 1978. S.202.